

Мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 289 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 417 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1 7

с ә у і р д е г і

N

2 8 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.12.04 N 1172, 2010.11.05 N 1163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Мынадай ұйымдарға жұмысқа кірген азаматтарды бүкіл жұмыс кезеңінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады:

1) мынадай мамандықтар бойынша көмір өнеркәсібі:
жер асты жұмыстарындағы тау-кен жұмысшысы;
жер асты тау-кен қазбаларының бекітушісі;
тау-кен электромеханикалық жабдық шебері;
машинист (барлық атаулардағы);
көтергіш көлік жабдығын монтаждаушы;

2) мынадай мамандықтар бойынша тау-кен, металлургия өнеркәсібі:
аппаратшы (барлық атаулардағы);
бұрғылаушы (барлық атаулардағы);
айналмасоғушы (барлық атаулардағы);
газшы (барлық атаулардағы);
домна пешінің көрікшісі;
жер асты жұмыстарындағы тау-кен жұмысшысы;
инженер (барлық атаулардағы);
металлургия өндірісіндегі бақылаушы;
жер асты тау-кен қазбаларының бекітушісі;
зертханашы (барлық атаулардағы);
ыстық немесе электрлі әдіспен қалайылаушы;
машинист (барлық атаулардағы);
оператор (барлық атаулардағы);
болат қорытушының көмекшісі;
п р е с т е у ш і ;

бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика жөніндегі слесарь;
б о л а т б а л қ ы т у ш ы ;

көтергіш көлік жабдығын монтаждаушы;
жабдықтарды жөндеу жөніндегі электрослесарь;

3) мынадай мамандықтар бойынша мұнай өңдеу, мұнай-химия, химия өнеркәсібі:

жабдық шебері (барлық атаулардағы);
машинист (барлық атаулардағы);
техникалық жабдықты монтаждаушы;
оператор (барлық атаулардағы);

технологиялық қондырғыларды жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі
с л е с а р ь ;

техник-механик (барлық атаулардағы);
техник-технолог (барлық атаулардағы);
техник-электромеханик (барлық атаулардағы);

4) мынадай мамандықтар бойынша теңіз флоты, азаматтық авиация және темір жол көлігі:

авиациялық аспаптар слесарь-механигі;
авиациялық қозғалтқыштардың техникалық қамтамасыз етілуін басқару жөніндегі инженер;
авиациялық техниканы жөндеу жөніндегі слесарь;
авиациялық техниканы электромонтаждаушы;
аэронавигациялық және радиоэлектрондық жабдық инженері;
аэронавигациялық және радиоэлектрондық жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі бақылаушы инженер;
аэронавигациялық және радиоэлектрондық жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді басқару жөніндегі инженер;
әуе кемесінің командирі;
екінші ұшқыш;
жер үсті жабдығы жөніндегі механик;
жолаушылар салонын жабдықтау жөніндегі инженер;
жолаушылар салонын жабдықтау жөніндегі инженер-супервайзер;
жолаушылар салонын жабдықтау жөніндегі механик;
жолаушылар салондарының жабдығын техникалық қамтамасыз етуді басқару жөніндегі инженер;
жоспарлау жөніндегі кіші инженер;
инженер;
кеме жүргізушілері;
кемелердің кеме жасаушысы-кеме жөндеушісі;
кеме құбыржолшысы;
кеме механиктері;
кеме слесарь-механигі;
кеме электромеханиктері;
кеме электр-радио монтаждаушысы;
кіші инженер;
локомотив машинисінің көмекшісі;
механик;
сенімділік жөніндегі инженер;
техникалық қызмет көрсету жөніндегі бақылаушы инженер;
техникалық қызмет көрсету жөніндегі жетекші бақылаушы инженер;
техникалық сервис бөлімінің жетекші инженері;
ұшу аппараттары мен қозғалтқыштар инженері;
ұшу аппараттары мен қозғалтқыштарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер;

ұшу аппараттарына техникалық қызмет көрсетуді басқару жөніндегі инженер;
үйлестіруші инженер;
цех инженері;
электр жабдықтарын сынау және жөндеу жөніндегі электромеханик;
электропоезд және локомотив машинисі;

5) мынадай мамандықтар бойынша атом энергиясын пайдалану саласында:

мөлшерлеуші;
инженер (барлық атаулардағы);
зертханашы (барлық атаулардағы);
шебер (шебердің көмекшісі);
машинист (барлық атаулардағы);
механик;
оператор (барлық атаулардағы);
техник-монтаждаушы;
техник-жылу технигі;
техник-электрик;
техник-энергетик;
электрмен, газбен пісіруші (барлық атаулардағы);
электромеханик (барлық атаулардағы);
электромонтер (барлық атаулардағы);
электрослесарь (барлық атаулардағы);

б) ғарыш саласында, оның ішінде "Байқоңыр" кешенінде мынадай біліктіліктер бойынша:

инженер (барлық атаулардағы);
лаборант (барлық атаулардағы);
шебер (барлық атаулардағы);
машинист (барлық атаулардағы);
механик (барлық атаулардағы);
монтажник (барлық атаулардағы);
оператор (барлық атаулардағы);
слесарь (барлық атаулардағы);

техник (барлық атаулардағы).

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 17 сәуірдегі

№ 289 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын әскерге шақыру жасындағы азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 41, 480-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 мамырдағы N 553 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 23, 239-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 шілдедегі N 1017 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 26, 295-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қыркүйектегі N 1085 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 36, 344-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қаңтардағы N 9 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 1-2, 3-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 мамырдағы N 642 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 18, 227-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 896 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 24-25, 309-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 829 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 34, 339-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК